ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

ТОЛҚЫН ҰЗЫНДЫҒЫ ДИСПЕРСИЯСЫМЕН РЕНТГЕНОФЛУОРЕСЦЕНТТІ СПЕКТРОМЕТРИЯ ӘДІСІМЕН КҮКІРТТІ АНЫҚТАУ

ОПРЕДЕЛЕНИЕ СЕРЫ МЕТОДОМ РЕНТГЕНОФЛУОРЕСЦЕНТНОЙ СПЕКТРОМЕТРИИ С ДИСПЕРСИЕЙ ДЛИНЫ ВОЛНЫ

ҚР СТ 2412-2013

ASTM D2622 - 10 Standard Test Method for Sulfur in Petroleum Products by Wavelength Dispersive X-ray Fluorescence Spectrometry, MOD

Ресми басылым

Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

gost.e-ecolog.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

ТОЛҚЫН ҰЗЫНДЫҒЫ ДИСПЕРСИЯСЫМЕН РЕНТГЕНОФЛУОРЕСЦЕНТТІ СПЕКТРОМЕТРИЯ ӘДІСІМЕН КҮКІРТТІ АНЫҚТАУ

ҚР СТ 2412-2013

ASTM D2622 - 10 Standard Test Method for Sulfur in Petroleum Products by Wavelength Dispersive X-ray Fluorescence Spectrometry, MOD

Ресми басылым

Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

Алғысөз

1 «Мұнай және газ ақпараттық талдау орталығы» акционерлік қоғамы **ӘЗІРЛЕДІ**.

Стандарттау жөніндегі «Мұнай, газ, мұнай және газ өңдеу өнімдері, материалдар, жабдық және мұнай, газ, мұнайхимия өнеркәсібінің құрылысы» № 58 техникалық комитеті және «Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» Республикалық Мемлекеттік Кәсіпорны **ЕНГІЗДІ**.

2 Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Техникалық реттеу және метрология Комитеті Төрағасының 27 қарашадағы 2013 жылғы № 548-од Бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ.**

3 Осы стандарт ASTM D2622 - 10 Standard Test Method for Sulfurin Petroleum Products by Wavelength Dispersive X-ray Fluorescence Spectrometry (*Күкіртті толқын ұзындығының дисперсиясымен рентгендік-флуоресценттік спектрометрия әдісі арқылы анықтау)* шетелдік стандартына қатысты, стандарт элементінің мазмұнын өзгерту арқылы түрлендірілген болып саналады, ол шетелдік стандарттың нормативтік сілтемелерінің қолданыстағы мемлекеттік және мемлекет аралық стандарттарға ауысуымен шарттасады, бұл ретте Қазақстан Республикасының ұлттық экономикасының қажеттіліктерін және/немесе стандарттаудың ерекшеліктерін есепке алу үшін, стандарт мәтініне енгізілген қосымша сөздер (фразалар, көрсеткіштер, олардың мәндері) *курсивпен* көрсетілген.

Аталған сынау әдісі Мұнай өнімдері және жағармай материалдары жөніндегі ASTM жанындағы D02 комитетінің юрисдикциясында болады және Сынау элементі жөніндегі D02.03 кіші комитетінің тікелей жауапкершілігі болып табылады.

Ағымдағы редакция 2010 жылғы 15 ақпанда бекітілді. 2010 жылдың наурыз айында жарияланды. Алғаш рет 1967 жылы бекітілді. Соңғы редакция 2008 жылы D2622–08. DOI: 10.1520/D2622-10 ретінде бекітілді.

Осы стандарт Қытай Халық Республикасының GB 11140 Petroleum products - Determination of sulfur – X-ray spectrometry (*Рентгендік спектрометрияның күкіртін анықтау*) ұлттық стандартымен, Қытай Халық Республикасының ұлттық стандартының сілтемелік құжаттарын пайдаланудың баламалы таңдауын қамтамасыз ететін ережелерін қосу, бөлігінде үйлестірілді, бұл ретте Қазақстан Республикасының ұлттық

экономикасының қажеттіліктерін және/немесе стандарттаудың ерекшеліктерін есепке алу үшін, стандарт мәтініне енгізілген қосымша сөздер (фразалар, көрсеткіштер, олардың мәндері) *курсивпен* көрсетілген.

Түсініктемелер бар сілтемелерді ауыстыру туралы ақпарат Е.1 қосымшасында келтірілген.

Стандарт мәтініне, енгізу себептері түсіндіріліп қосымшалар түрінде енгізілген техникалық ауытқулар туралы ақпарат Е.1 қосымшасында келтірілген.

Ағылшын тілінен аударылған (en).

Сәйкестік дәрежесі – (MOD).

Осы ұлттық стандартты дайындау үшін қолданылған шетелдік стандарттардың ресми даналары, олардың аудармалары және сілтемелер берілген шетелдік стандарттар Нормативтік техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қорында бар.

4 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ 2018 жыл
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ 5 жыл

5 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандартқа өзгерістер енгізу туралы ақпарат, жыл сайын шығатын «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» ақпараттық нұсқаулығында, ал өзгертулер мен толықтырулар мәтіні – ай сайын шығатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық нұсқаулығында жарияланады. Осы стандартты қайта қарау (ауыстыру) немесе жою жағдайында, тиісті хабарлама, ай сайын шығатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық нұсқаулығында жарияланатын болады.

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай немесе ішінара өзгертілмейді, көбейтілмейді және таратылмайды

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

КҮКІРТТІ ТОЛҚЫН ҰЗЫНДЫҒЫ БОЙЫНША ДИСПЕРСИЯМЕН РЕНТГЕНДІК-ФЛУОРЕСЦЕНТТІК СПЕКТРОМЕТРИЯ ӘДІСІ АРҚЫЛЫ АНЫҚТАУ

Енгізілген күні 2014.07.01

1 Қолданылу саласы

1.1 Осы стандарт, қоршаған ортаның қалыпты жағдайында бір фазалы және қозғалмалы сұйықтық болып табылатын, сондай-ақ бірқалыпты қыздыру кезінде сұйық күйге ауысатын немесе көмірсутегі ерітінділерінде еритін мұнай және мұнай өнімдеріндегі күкірттің жалпы құрамын анықтау әдісін белгілейді. Бұл өнімдер ретінде дизельді отын, реактивтік отын, керосин, басқа дистилляттық мұнай өнімдері, нафта, қалдық отындар, базалық жағармай, гидравликалық май, өңделмеген мұнай, этильденбеген бензин, М-85 және М-100 метанолдық отындары болуы мүмкін.

1.2 Осы әдістің прецизиондығын (дәлдік сипаттамаларын) зертханааралық зерттеу, күкірт концентрациясы шамамен 3 бастап $53 \cdot 10^3$ мг/кг (5,3 % масс.) дейін болатын өнімдерде жүргізілді. Күкірт концентрациясы 60 мг/кг төмен болатын үлгілер тобы үшін жинақтылықтың Sr стандарттық ауытқуы 1,5 мг/кг құрайды. Ашылудың белгіленген шегі $3 \cdot Sr$ тең болады, ал сандық анықтаудың [1] бойынша белгіленген шегі $10 \cdot Sr$ тең. Осы әдісте пайдаланылатын жабдық сезімталдығы бойынша ерекшеленуі мүмкін болатындықтан, осы әдісті күкірт концентрациясы 20 мг/кг төмен болған кезде пайдалану мүмкіндігі әр нақты жағдайда анықталуы қажет.

1.3 Күкірт құрамы 4,6 % масс. артық болатын үлгілер, сұйылтылған мұнай өнімінің күкірт концентрациясы, осы әдістің қолданылу саласында болуы үшін сұйылтылуы қажет.

1.4 Ұшпа үлгілер (булары жоғары қысымды бензиндер немесе жеңіл көмірсутектер) сынау барысында жеңіл өнімдердің талғамалы жоғалуы себебінен белгіленген прецизиондыққа сай келмеуі мүмкін.

1.5 Осы сынау әдісіндегі негізгі болжам, ол стандарттық үлгі матрицасы мен сыналатын үлгі матрицасының жақсы келісілгенінде болып табылады (12.2 қараңыз). Матрицалардың үйлеспеушілігі сыналатын үлгілер мен стандарттық үлгілердің көміртегі/сутегі (С/Н) массалық қатынастарының қайшылықтарынан немесе басқа гетероатомдардың болуынан туындауы мүмкін (1 кесте).

1.6 СИ бірліктерінде немесе ангстремдерде белгіленген көрсеткіштердің мәндерін, стандарттық ретінде қарастырған жөн.

1.7 Осы стандартты пайдаланумен байланысты техника қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша шараларды әзірлеу, осы стандарттың мақсаты болып саналмайды. Осы стандартты пайдаланушы, техника қауіпсіздігі және персонал денсаулығын сақтау бойынша тиісті шараларды әзірлеуге жауапкершілік алады, сондай-ақ шараларды пайдаланар алдында заңнамалық шектеулерді қолданудың мақсатқа сайлығын анықтайды.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартта, келесі стандарттарға нормативтік сілтемелер қолданылған:

ҚР ИСО 3170-2006 СТ Мұнай және мұнай өнімдері. Сынамаларды іріктеудің қолмен жасалатын әдістері.

ҚР ИСО 3171 - 2007 СТ Мұнай өнімдері. Сұйық көмірсутектері. Құбыр жолдарынан сынамаларды автоматты іріктеу.

ҚР АСТМ Д 4294-2011 СТ Дисперсиялық өзара әрекеттің энергиясы негізінде рентгендік-флуоресценттік спектрометрия әдісімен мұнай және мұнай өнімдеріндегі күкіртті анықтаудың стандарттық әдісі.

АСТМ Д 4927 Standard Test Methods for Elemental Analysis of Lubricant and Additive Components — Barium, Calcium, Phosphorus, Sulfur, and Zinc by Wavelength-Dispersive X-Ray Fluorescence Spectroscopy (Жағармай материалдарының және олардың қосымша бөлшектерінің компоненттерінің элементтік сыналуын анықтау: барийді, кальцийді, фосфорды, күкіртті және цинкті толқын ұзындығы бойынша дисперсиямен рентгендік-флуоресценттік спектроскопия әдістерімен)

АСТМ Е 29 Standard Practice for Using Significant Digitsin Test Data to Determine Conformance with Specifications (Спецификацияларға сәйкестікті анықтау үшін сынаулар нәтижелерінде маңызды сандарды пайдалануға арналған нұсқау)

D6259 Standard Practice for Determination of a Pooled Limit of Quantitation (Сандық шекті анықтауға арналған нұсқау)

D6299 Standard Practice for Applying Statistical Quality Assurance and Control Charting Techniques to Evaluate Analytical Measurement System Performance (Сапаны қамтамасыз етуді пайдалану нұсқауы және талдамалық өлшеудің өнімділігін бағалауға арналған диаграммаларды бақылау әдістері)

D7343 Standard Practice for Optimization, Sample Handling, Calibration, and Validation of X-ray Fluorescence Spectrometry Methods for Elemental Analysis of Petroleum Products and Lubricants (Рентгендік флуоресценттік

спектрометрияны оңтайландыру, үлгілерін өңдеу, калибрлеу және валидациялауға арналған нұсқау. Мұнай өнімдерін және жағармай материалдарын элементтік талдауға арналған әдістер).

3 Әдістің мәні

3.1 Үлгіні рентген сәулелерінің шоғына орналастырады және күкірт сызығы пикінің қарқындылығын Kα толқын ұзындығы 0,5437 нм болған кезде өлшейді. Толқынның ұсынылатын ұзындығы 0,5190 нм (0,5437 нм родийден жасалған нысанасы бар түтік үшін) кезінде өлшенетін фон қарқындылығын пик қарқындылығынан шегереді. Күкірт концентрациясын масса бойынша пайызбен алу үшін импульстер есебінің нәтижелік жылдамдығын бұрын құрылған калибрлеу қисығымен немесе күкірт концентрациясын мг/кг немесе масс. % алу үшін салыстырады (12 тарауды қараңыз).

4 Маңызы және қолданылуы

4.1 Сынаудың осы әдісі мұнай және мұнай өнімдеріндегі, үлгінің минималды дайындалуымен, жалпы күкірттің тез және дәл өлшенуін қамтамасыз етеді. Сынаудың әдеттегі уақыты бір үлгіге 1-ден бастап 2 мин дейінгі уақытты құрайды.

4.2 Мұнай өнімдерінің көбінің сапасы күкірттің сандық құрамына байланысты болады. Күкірт концентрациясын білу қайта өңдеу процестері үшін қажет. Сондай-ақ, кейбір отындардағы күкірттің мөлшерін шектейтін, мемлекеттік және жергілікті ұйымдар бекіткен нормалар бар.

4.3 Сынаудың осы әдісі мұнай және мұнай өнімдеріндегі күкірттің құрамын анықтауға мүмкіндік береді және осылайша күкірт құрамының спецификацияның немесе регламенттелген шектеулердің шегінде болатындығын бағалауға мүмкіндік береді.

4.4 Сынаудың осы әдісінде стандартталған, ақ май негізіндегі калибрлеуші үлгілерден айтарлықтай өзгешеленетін, матрицалары бар мұнай өнімдеріне қатысты сынаудың осы әдісін қолданғанда, нәтижелерді түсіндіру кезінде, 5 тарауда көрсетілген сақтық ескертулері мен ұсыныстарды сақтаған жөн.

ЕСКЕРТУ Күкірт құрамын анықтау бойынша басқа сынау әдістерімен салыстырғанда, осы стандарт бойынша сынау әдісі жоғары өткізу қабілеттігімен, үлгінің минималды дайындығымен және жоғары прецизиондығымен сипатталады және күкірттің кең диапазон концентрациясында анықталуын қамтамасыз етеді. Аталған сынау әдісіне қажетті жабдық, *ҚР АСТМ Д 4294-2011 СТ немесе* [3] сияқты балама әдістерге арналған

жабдықтармен салыстырғанда, айтарлықтай қымбат бағалы болады. Сынаудың балама әдістерін іздеуде АСТМ стандарттар нұсқаулығына жүгінген жөн.

5 Кедергілер

5.1 Сыналатын үлгілердің элементтік құрамы (күкірттен бөлек) стандарттық үлгілерден айтарлықтай өзгеше болған кезде, күкіртті анықтауда қателіктер туындауы мүмкін. Мысалы, сыналатын үлгінің және калибрлеуші стандарттық үлгілердің көміртегі-сутегі қатынасындағы қайшылықтар көрсеткіштерге қателіктер енгізеді. 1 кестеде кейбір басқа кедергі жасайтын элементтер және олардың концентрацияларының рұқсат етілген деңгейлері келтірілген.

1 кесте - Кедергі келтіретін элементтер мен заттардың концентрациясы

Элемент	Рұқсат етілген құрам. % масс.
Фосфор	0.3
Цинк	0.6
Барий	0.8
Қорғасын	0.9
Кальций	1
Хлор	3
Этанол (ескерту 2. 10.8.1)	8.6
Метанол (ескерту 2. 10.8.1)	6

ЕСКЕРТУ 1 кестеде келтірілген заттар концентрациясы, сіңірудің массалық коэффициенттерінің қосындысын, әр қатысушы элементтің массалық үлесіне көбейтіп есептеу арқылы анықталады. Бұл есептеу құрамында шамамен 3 % кедергі жасайтын заттар және 0,5 % күкірт болатын, көрнекі үлгілерді сұйылту үшін жүргізілді.

5.2 Құрамында этанолдың немесе метанолдың көп мөлшері болатын отындар (1 кестені қараңыз) құрамында, күкірт сәулеленуінің $K\alpha$ айтарлықтай көп сіңірілуіне әкелетін оттегінің көп мөлшері болады. Алайда, мұндай отындарды, аталған әдісті пайдаланып немесе нәтижелерді түзету арқылы (ақ май үстінен калибрлеу кезінде), немесе сыналатын үлгі матрицасы сияқты матрицада дайындалған калибрлеуші стандарттық үлгілерді пайдаланып талдауға болады.

5.3 9.1 көрсетілгендей, әдетте ақ майлардан ерекшеленетін элементтік құрамдағы мұнай өнімдері, тура сол немесе ұқсас құраммен базалық материалдардан дайындалған стандарттық үлгілер көмегімен талдануы мүмкін. Осылайша, бензинді изооктан мен толуолды, талданатын үлгінің хош иісті көмірсутегінің болжамды құрамына тең дерлік қатынаста сұйылту

арқылы дайындауға болады. Осындай бензиннен дайындалған стандарттық үлгілер, ақ май негізіндегі стандарттық үлгілерді пайдалану кезінде алынған нәтижелерге қарағанда аса дәл нәтижелер беруі мүмкін.

5.4 Жағармайлар мен қосымша бөлшектердегі күкіртті анықтау үшін АСТМ Д 4927 әдісін пайдалану ұсынылады, себебі ол элемент аралық түзету коэффициенттерін ескереді.

6 Аппаратура

6.1 0,537 нм аумақта детектілеуге қабілетті, **толқын ұзындығы бойынша дисперсияланатын рентгендік-флуоресцентті спектрометр**. Күкіртке қатысты оңтайлы сезімталдықты қамтамасыз ету үшін, аспап комплектациясына мыналар кіруі қажет:

6.1.1 **Оптикалық жол**, ортасы - гелий.

6.1.2 **Импульстерді амплитудалық талдау** немесе энергияны бөлудің басқа құрылғылары.

6.1.3 **Детектор**, ұзын толқынды рентген сәулелерін детектілеуге арналған (0,52 нм бастап 0,55 нм дейін).

6.1.4 **Талдағыш кристалл**, Пайдаланылатын спектрофотометрдің бұрыштық диапазонында күкірттің рентген сәулелерінің $K\alpha$ дисперсиясына қабілетті. Пентаэритрит және германий жиірек пайдаланылады, бірақ EDDT, ADP, графит және кварц сияқты басқа да заттарды қолдануға болады.

6.1.5 **Рентген түтігі**, күкірт сәулеленуін $K\alpha$ шығаруға қабілетті. Көбінесе родий, хром және скандийден жасалған анодтары бар түтіктер пайдаланылады, бірақ басқа да анодтарды пайдалануға болады.

ЕСКЕРТУ Жоғары энергиямен сәулеленудің шектен тыс мөлшерінің әсері, мысалы, рентген спектрометрінің көмегімен алынған сәулелену денсаулыққа зиянды. Оператор денесінің кез-келген бөлігін, тек қана бірінші рентген сәулеленуінен ғана емес, сондай-ақ екінші рет сәулеленуден қорғау үшін тиісті шаралар қабылдауы қажет. Рентген спектрометрі иондаушы сәулеленуді пайдалануды реттейтін қағидаларға сай жұмыс істеуі қажет.

6.2 **Талдау таразысы**, 0,1 мг дейін және 100 г дейінгі дәлдікпен өлшеуге қабілетті.

7 Реактивтер

7.1 Реактивтер тазалығы

Барлық сынауларда химиялық таза (х.т.) реактивтер пайдаланылуы қажет. Барлық реактивтер, оларды пайдалану - анықтау дәлдігін төмендетпеуі үшін, аса жоғары дәрежедегі тазалыққа ие болуы қажет.

7.2 **Ди-н-бутилсульфид**, күкірт құрамының мәні белгіленген, жоғары тазалықтағы стандарттық үлгі. Күкірт құрамының белгіленген мәнін, калибрлеуші стандарттық үлгілер концентрациясының дәл мәндерін есептеу кезінде пайдаланады (9.1).

ЕСКЕРТУ Ди-н-бутилсульфид тазалығын емес, ондағы күкірт концентрациясын білу маңызды, себебі қоспалар сондай-ақ күкірт құрамдас біріктірулер болуы мүмкін.

7.3 **Бақылау стандарттары** (мониторлар) дрейфті түзетудің (ерікті)

Бірнеше әртүрлі материалдардың, дрейфті түзетудің (коррекция) бақылау стандарттары ретінде пайдаланылуы үшін жарамды екендігі анықталды. Жарамды болып мойындалған, күкірт құрамдас материалдардың мысалдары ретінде, жаңартылатын сұйық мұнай өнімдері, мүлдем дерлік өзгермейтін қатты заттар, престелген ұнтақ материалдар, металл ерітінділерінің қорытпасы немесе балқытылған шыны дисктер болып саналады. Бақылау стандартының импульстері есебінің, импульстер есебінің уақытымен бірлескендегі жылдамдығы, 1 %-тен төмен болатын импульстер есебінің салыстырмалы қатесін беру үшін, жеткілікті болуы қажет. Бақылау стандартының импульстері есебінің жылдамдығын калибрлеу кезінде (9.4) және тағы да сынау кезінде (10.1) анықтайды. Бұл импульстер есебінің жылдамдықтарын дрейфті дәлдеудің түзету коэффициентін есептеу үшін пайдаланады (11.1).

7.3.1 Дрейфті дәлдеуді әдетте бағдарламалық қамсыздандыруға автоматты түрде қосады, бірақ есептеуді үнемі қолмен жүргізуге болады. Жоғары тұрақтылықтағы рентген аспаптары үшін дрейфті дәлдеудің түзету коэффициентінің мәні, бірден тым қатты айырмашылықта болмауы қажет.

7.4 Полисульфид майы. Әдетте, көмірсутегі ерітіндісінде сұйылтылған, құрамында күкірттің белгілі пайызы бар нонилполисульфидтер пайдаланылады.

ЕСКЕРТПЕ Терінің аллергиялық реакциясын тудыруы мүмкін

ЕСКЕРТУ Полисульфид майы - ол құрамында 50 массалық пайыздан жоғары болатын, күкірттің жоғары концентрациялары бар, жоғары молекулалы майлар. Олар ақ майда толығымен араласа отырып, төмен тұтқырлық, төмен ұшпалылық, және ұзақ сақтау

мерзімі сияқты керемет физикалық қасиеттерді көрсетеді. Полисульфид майы коммерциялық жағынан өте қолжетімді. Күкірттің полисульфид майының концентратындағы құрамы, ақ майды күкіртке араластырып, соңынан талдауды NIST (немесе ұйымның басқа стандарты) анықтама материалымен салыстырып, масса көмегімен анықталады.

7.5 **Ақ май** немесе күкірт құрамы 2 мг/кг төмен болатын басқа жарамды базалық материал.

Күкірттің болжалды төмен (200 мг/кг төмен) құрамы кезінде, базалық материалдың (оның кез-келген мәнінде) күкірт құрамын, калибрлеуші стандарттық үлгінің концентрация есебіне қосқан жөн (9.1). Ерітіндідегі немесе реагенттегі күкірт құрамы сертификатталмаған кезде, күкірттің жоқ екендігіне көз жеткізу қажет. Калибрлеуші стандарттарды дайындау үшін таза кластарды пайдалану қажет. Ол С/Н коэффициентін өлшеу үшін қажет (12 тарау және 1 сурет).



1 сурет - Күкірттің С/Н коэффициентімен салыстырғандағы салыстырмалы сезімталдығы

7.6 **Рентген сәулелеріне арналған айқын пленка**

Үлгі әсеріне тұрақты, құрамында күкірт жоқ және рентген сәулелері үшін жеткілікті айқын болатын кез-келген пленканы пайдалануға болады. Пленкалар полиэфирден, полипропиленнен, поликарбонаттан және полиамидтен жасалған болуы мүмкін. Алайда құрамында хош иісті көмірсутектер жоғары болатын үлгілер, полиэфирден және поликарбонаттан жасалған пленкаларды ерітуі мүмкін.

7.7 **Гелий** газы тазалығы 99,9 % кем емес.

7.8. **Импульстерді есептеуге арналған газ**, ағынның ағындық пропорционалды есептегіштерімен жабдықталған аспаптарға арналған.

7.9 **Үлгіге арналған кюветтер**, үлгімен және спектрометрдің геометриясына қойылатын талаптармен үйлесімді. Бір реттік кюветтер дұрысырақ болады.

7.10 **Калибрлеуді тексеруге арналған үлгілер**, бір немесе сұйығырақ мұнай өнімінің бөліктері немесе күкірттің белгілі құрамы бар және калибрлеу қисығын құру кезінде пайдаланылмаған стандарттық үлгілер. Стандарттық үлгілер бастапқы калибрлеудің дәлдігін анықтау үшін пайдаланылуы қажет (9.5).

7.11 **Сапаны бақылау үлгілері** (QC үлгілері), жүйенің статистикалық бақылауда болатындығын тексеру үшін, жиі пайдаланылатын үлгілерге көрнекі болатын, мұнайдың немесе мұнай өнімдерінің стандарттық үлгілері (13 тарау).

ЕСКЕРТУ QC үлгілерінің көмегімен және бақылау кестелерін құру арқылы бақылау жүйесіне тексеру жүргізілуі қажет. Сапаны бақылау рәсімдері жеке зертхананың құзыретінде болады деп болжанады.

8 Сынамаларды іріктеу және үлгілерді дайындау

8.1 Сынамаларды іріктеуді мүмкіндігінше *ҚР ИСО 3170 СТ және ҚР ИСО 3171 СТ* нұсқауларында мазмұндалған нұсқаулықтарға сәйкес жүргізген жөн.

8.2. Көп реттік кюветаларды пайдаланған кезде, әр қолданар алдында оларды тазартады және кептіреді. Бір реттік кюветаларды қайталап қолдануға болмайды. Әр үлгі үшін кюветаға арналған рентген пленкасының жаңа (пайдаланылмаған) тілімі қажет болады. Рентген сәулеленуі өтетін кюветаның ішкі бетін, кювета ішіндегі пленка бөлігін немесе аспап терезесін қолмен ұстамайды.

Күкірттің төмен концентрацияларын сынау кезінде саусақ іздері аспаптың көрсетуіне әсер етуі мүмкін. Пленкадағы қыртыстар өткізілетін рентген сәулелерінің қарқындылығына әсер етеді. Сондықтан анық нәтижелерді қамтамасыз ету үшін, пленка тартылған және таза болуы керек. Аспап терезесі пленкасының типі немесе қалыңдығы ауыстырылған болса, талдағышты қайтадан калибрлеу қажет болады. Кюветаны үлгімен толтырғаннан кейін, кішкентай желдеткіш саңылау қалдыру ұсынылады.

8.3 Күкірттің төмен концентрацияларын өлшеген кезде, аспаптың көрсетуіне қоспалар немесе партиядан партияға өзгеріп отыратын, полиэфирлі пленкалардың қалыңдығы бойынша біртекті еместігі әсер етеді. Сондықтан әр жаңа орамды немесе пленка партиясын пайдаланар алдында калибрлеуді тексеру қажет.

8.4 Сынамаларды өңдеу мен дайындаудың толық ақпаратын алу үшін АСТМ Д 7343 қараңыз.

9 Калибрлеу

9.1 Калибрлеуші стандарттық үлгілерді, стандарттық ди-н-бутилсульфидті ақ маймен немесе басқа жарамды базалық материалмен мұқият сұйылтып (масса бойынша) дайындайды (5.3). Күкірттің белгілі концентрациясы бар стандарттық үлгілер, 2 кестеде көрсетілген, күкірт концентрациясының керекті диапазондары үшін, концентрацияларға шамамен сәйкес келулері қажет. 0,02 % масс. (200 мг/кг) төмен болатын стандарттық үлгілердің концентрациясын есептеу кезінде, (1) формулада көрсетілгендей, базалық материалдағы кез-келген күкіртті ескерген жөн:

$$S = [(DBS \times S_{DBS}) + (WO \times S_{WO})] / (DBS + WO), \quad (1)$$

мұнда S – күкірт концентрациясы, % масс.;
DBS - нақты масса DBS, г;
S_{DBS}- DBS-гі күкірт масс. %, әдетте 21,91 %;
WO – ақ майдың нақты массасы, г;
S_{WO}- ақ майдағы күкірттің масс. %.

ЕСКЕРТУ 1 Қажет болған жағдайда, 2 кестеде көрсетілген концентрациялар арасында болатын, концентрациялары бар қосымша стандарттық үлгілер пайдаланылуы мүмкін.

ЕСКЕРТУ 2 Сатылымда болатын стандарттық үлгілер, күкірт концентрациялары нақты белгілі болған жағдайда және 2 кестеде көрсетілген концентрацияларға шамамен сәйкес келген кезде пайдаланылуы мүмкін.

2 кесте – Күкірт құрамы бойынша стандарттық үлгілер

0 - 1000 мг/кг	0,10 – 1,00 % масс.	1,0 - 5,00 % масс.
0,0000[A,B)]	0,100	1,0
5[B)]	0,250	2,0
10[B)]	0,500	3,0
100[B)]	1,000	4,0
250 500 750 1000		5,0
А) Базалық материал. В) Осы эталондық мәндерге бірнеше рет талдау жүргізіңіз және олардың орташа мәнін градуирлеуде пайдаланыңыз.		

9.2 Күкірттің шығарылатын сәулеленуінің қарқындылығын, 10 және 11 тарауларда мазмұндалған рәсім бойынша, әр калибрлеуші стандарттық үлгімен мұқият өлшей отырып, калибрлеуші графикті құруға арналған мәліметтерді анықтайды.

9.2.1 Құрамындағы жалпы күкірт мөлшері 100 мг/кг немесе одан төмен болатын стандарттар дубликатта талданулары қажет. Не болмаса екі жеке мәндер немесе осы өлшеулердің орташа мәні калибрлеуде пайдаланылуы мүмкін. Күкірт концентрациясының осы диапазонындағы барлық үлгілер екі данада талданулары қажет.

9.3 Калибрлеуші графикті, аспапты өндіруші жеткізетін бағдарламалық қамсыздандырудың және алгоритмдердің көмегімен құрады. Үлгіні калибрлеуді келесі формулалар бойынша есептейді:

$C_s = a + bI$ *сызықтық калибрлеу (2)*

$C_s = (a + bI) \cdot (I + \sum \alpha_{ij} \cdot C_J)$ *матрицалық эффектілерге түзету (3)*

$C_s = a + bI \cdot (I + \sum \alpha_{ij} \cdot C_J)$ *матрицалық эффектілерге баламалы түзету (4)*

$C_s = a + bI + cI^2$ *көпмүшенің екінші тәртібі,(5)*

мұнда C_s- *күкірттің массалық үлесі. Шоғырланудың бірліктері жабдықта - калибрлеу тұрақтысы A, B және C тәуелді болады*

I - күкірт сәулеленуінің өлшенген таза қарқындылығы

a – калибрлеу сызықтың жылжуы (қағып алу)

b – қисық калибрлеу сызық

c - 2-го тәртіптің сызығының калибрлеуі

a_{ij} *- күкіртке (i) кедергі келтіретін элементтердің (j) әсеріне арналған түзету коэффициенті .*

Cj = кедергі келтіретін элемент концентрациясы (j)

ЕСКЕРТУ Калибрлеу графиктері күкірт концентрациясы 0,10% масс. төмен болған кезде сызықтық болады. Зертханашы өлшеулер талаптарына сәйкестік мақсатында, графикті құрудың басқа диапазондарын таңдауы қажет. Сызықтықтан ауытқу, күкірт концентрациясы артқан кезде артуы мүмкін.

9.4 Дрейфті дәлдеудің бақылау стандарттарын пайдаланған кезде, олардың сәулеленуінің қарқындылығын калибрлеу рәсімі барысында анықтайды. Алынған шама (7) формуладағы 11.1, *A* коэффициентіне сәйкес келетін болады.

9.5 Калибрлеу аяқталған соң-ақ, өткізілген калибрлеуді тексеру үшін, бір немесе бірнеше үлгілердің күкірт концентрациясын анықтайды (7.9). Өлшенген мән, белгіленген концентрация ± осы әдістің қайталанғыштығы (жинақтылық) ретінде анықталған диапазонда болуы қажет. Егер бұл болмаған жағдайда, калибрлеу және калибрлеуші үлгілер күмән туғызады және түзету шараларын қолданып, калибрлеуді қайталаған жөн. Калибрлеуді бағалау кезінде сыналатын үлгілер мен стандарттық үлгілер матрицаларының сәйкестік еместік дәрежелерін сондай-ақ назарға алған жөн.

10 Сынау жүргізу

10.1 Ағымдағы үлгілерді сынауды бастар алдында, дрейфті түзетудің бақылау стандарттарын пайдаланған кезде, аталған күні дрейфті түзетудің бақылау стандарттарын талдайды және калибрлеу кезінде қолданған затты пайдаланып, импульстер есебінің жылдамдығын анықтайды. Анықталған мән (7) формуладағы, 11.1, *B* коэффициентіне сәйкес келеді.

10.1.1 (8) формулада, 11 тарау, *F'* коэффициентін пайдаланған кезде, оны анықтау үшін үнемі бос сынақтар жасалып отырады. Базалық материал сияқты құрамында күкірт жоқ үлгіде, импульстер есебінің жылдамдығын күкірттің тиісті пикі және фон бұрыштары кезінде анықтайды.

10.2 Үлгіні, қолданылатын нақты аспапты пайдалану бойынша нұсқаулыққа сәйкес, тиісті кюветаға орналастырады. Күкірттің сәулеленуі үлгідегі кішкентай тереңдікке ғана кіретін болғандықтан, кюветадан және үлгінің өзінен болатын шашырау өзгеруі мүмкін. Зертхана қызметкерлері, кюветаның минималды белгіден жоғары толтырылғанына көз жеткізулері

керек, үлгіні одан әрі қосу импульстер есебіне айтарлықтай әсер етпейтін болады. Әдетте кюветаны сыйымдылықтың 3/4 бөлігінен төмен болмайтындай етіп толтырады. Кюветада кішкентай желдету саңылауын қалдырады.

10.3 Үлгіні рентген сәулелерінің шоғына орнатады және рентгендік оптикалық жолдың тепе-теңдікке келуін күтеді.

10.4 Аталған толқын ұзындығы үшін, дәл бұрыштық жағдайлар кезінде, импульстер есебінің жылдамдығын өлшеуді жүргізе отырып, 0,5373 нм кезіндегі күкірттің сәулелену қарқындығын $K\alpha$ анықтайды.

ЕСКЕРТУ Практика жүзінде вариацияның болжалды коэффициентінің (квадраттық ауытқу %) кем дегенде 1,0 % қамтамасыз ету үшін, есептердің (жекелеген импульстердің) жеткілікті мөлшері алынуы қажет деп болжанып отыр. Егер сезімталдық немесе концентрация, немесе екеуі де вариация коэффициентінің 1,0 % қол жеткізу үшін импульстер есебінің жеткілікті мөлшерін жинауға кедергі келтіретін болса, онда әр сынауды жүргізген кезде, ең жоғары статистикалық прецизиондыққа қол жеткізуге мүмкіндік беретін техникалық амалдар пайдаланылады. Вариация коэффициентін келесі түрде есептейді:

$$\text{вариация коэффициенті, } CV = (100(N_p+N_b)^{1/2}/N_p - N_b, \qquad (6)$$

мұнда CV – вариация коэффициенті %

N_p - күкірт сызығы үшін жиналған, импульстер есебінің саны, 0,5373 нм;

N_b - фонның толқын ұзындығына жиналған, импульстер есебінің саны, уақыт интервалы N_p есептері жинағының уақыт интервалындағыдай.

10.5 Фон импульстары есебінің жылдамдығын, күкірт пикіне $K\alpha$ сәйкес келетін, алдын ала таңдалған белгіленген бұрыштық қалыпта тұрған кезде өлшейді.

ЕСКЕРТУ Фонның кез-келген қалпының жарамдылығы, рентген түтігінің қолданылатын анодының типіне байланысты болады. Хромды және скандийді пайдаланған кезде ұсынылатын толқын ұзындығы 0,5190 нм, ал родий үшін толқын ұзындығы 0,5437 нм; әртүрлі кристалдарға арналған 2θ, пиктер және фондық бұрыштар 3 кестеде келтірілген.

3 кесте - әртүрлі кристалдарға арналған 2θ бұрыштар

Кристалл	2*d* (нм)	SKα (0,5373 нм)	Фон	
			(0,5190 нм)	(0,5437 нм)
Пентаэритрит (002)	0, 8742	75,85	72,84	76,92
Ge (111)	0,6532	110, 68	105, 23	112,68

10.6 Импульстер есебінің түзетілген жылдамдығын анықтайды және 11 тарауда көрсетілгендей, үлгідегі күкірт концентрациясын есептейді.

10.7 Егер 10.2-10.6 бойынша жүргізілген өлшеулер нәтижесінде, импульстер есебінің жылдамдығы калибрлеу қисығындағы ең жоғары нүкте есебінің жылдамдығынан жоғары болып шықса, онда күкірт есебінің жылдамдығы калибрлеу қисығының шектерінде болмағанынша, үлгіні, калибрлеуші стандарттық үлгілерді дайындау үшін пайдаланылатын базалық материалмен сұйылтады, және рәсімді 10.3-10.6 мазмұндалғандай қайталайды.

10.8 Сыналатын үлгі құрамында, жоғарыда 1 кестеде тізілген концентрациялардағы анықтау нәтижесіне әсер ететін заттардың болуы белгілі болса немесе солай болжанса, онда үлгіні базалық материалмен, 1 кестеде келтірілгеннен төмен концентрацияларға дейін сұйылтады (масса бойынша).

10.8.1 Егер сіңірудің массалық коэффициентінің, үлгілердің массалық үлесіне көбейтілуінің есептелген қосындысы, сіңірудің массалық коэффициенттерінің, калибрлеуші үлгілерге арналған массалық үлеске көбейтілуі қосындысынан 4 %-5 % аспайтын мөлшерге артық болса, онда алынған мәліметтер рентген сәулеленуінің қолайлы нәтижелерін көрсетеді. Сіңіру бойынша кедергілерді толығымен жою мүмкін емес, себебі олар аддитивті болып табылады, ал сұйылту әдістемесімен кедергі жасаушы элементтердің немесе заттардың концентрациясын тек қана ең аз шамаға (минимумға) дейін жеткізуге болады. Сондықтан 1 кестені, абсолюттік шамалар ретінде емес, ал дәлсіздігі жоғары емес, рұқсат етілген концентрациялар бойынша нұсқау ретінде пайдаланған жөн.

1-ЕСКЕРТУ. Матрица кедергілерінің әсері, сондай-ақ эмпирикалық немесе теоретикалық түрде түзетілуі мүмкін. Газохолды (бензин мен 10 %-20 % этанол қоспасы) есепке алмағанда, бұл түзетулер осы сынау әдісінің қолданыс саласының шеңберінде болмайды.

2-ЕСКЕРТУ. Этанол және метанол концентрацияларының көмірсутегінің және дибутилсульфидтің теоретикалық қоспаларын пайдаланып есептелген, оларға, массалық коэффициенттердің массалық үлестерге көбейтілген қосындысы, 5 %-ға көтерілмегенше этанол (немесе метанол) қосылды. Басқаша айтқанда, күкірт өлшеуде теріс 5 %-дық қатенің себебі болған этанол (немесе метанол) мөлшері есептелінді. Бұл мәліметтер, қосылған қателердің түп негізі туралы, газохолдағы (немесе М-85 және М-100) күкіртті анықтау үшін осы әдісті пайдаланғысы келетіндерге ақпарат беру үшін 1 кестеге енгізілген.

10.8.2 Біртектілікті қамтамасыз ету үшін қоспаны мұқият араластырады және өлшеуге арналған аспапқа ауыстырады.

10.8.3 Қоспадағы күкірт құрамын 10.2-10.6 көрсетілгендей, әдеттегі тәсілмен анықтайды және бастапқы үлгідегі күкірт құрамын 11 тарауға сәйкес есептейді.

11 Есептелуі

11.1 7.3 сипатталған, дрейфті түзетудің бақылау стандарттарын пайдаланған кезде, аспап сезімталдығының күнделікті өзгеру дәлдігінің түзету коэффициентін мына формула бойынша есептейді:

$$F = A/B\ , \qquad (7)$$

мұнда F – дрейфтің түзетілуі;

A - калибрлеу кезінде анықталған, дрейф түзетілуінің бақылау стандарты есебінің жылдамдығы (9.4);

B - сынау кезінде анықталған, дрейф түзетілуінің бақылау стандарты есебінің жылдамдығы (10.1).

ЕСКЕРТУ Аппаратураның жеке түрлерін пайдаланған кезде, мүмкін, бұл коэффициентті (8) формулаға қосу қажеттілігі жоқ немесе ол, мақсатқа сай емес болар. Бұл жағдайда F бірге тең деп алады. Пайдаланушы диаграмманы құрған кезде F коэффициентін пайдалануы және оны қолдану үшін, аппаратура жұмысының тұрақтылығы мен сапаны бақылаудың стандарттық үлгілерінің принциптеріне негізделген, критерийлерді әзірлеуі ұсынылады.

11.2 Импульстер есебінің түзетілген қосындысының жылдамдығын келесі формула бойынша анықтайды:

$$R = [(N_P / S_1) - (N_B \cdot F' / S_2)] \times F, \qquad (8)$$

мұнда R - есептің түзетілген қосындылық жылдамдығы;

N_p - 0,5373 нм кезінде жиналған қосындылық бірлік импульстер;

N_B - 10.5 таңдалған, фонның қалпы үшін жиналған, қосындылық бірлік импульстер;

S_1 және S_2 - уақыт, с, бірлік импульстерді жинауға қажетті С;

F'- (0,5373 нм кезіндегі бірлік импульстер) / (күкіртсіз фонның бірлік импульстері/с);

F – қосымша фактор.

11.2.1 F түзету факторын (8) формулада пайдалану ерікті болып табылады (11.1 бөлімнің қосымшасын қараңыз).

11.2.2 F' коэффициентін (8) формулаға қосу ерікті болып табылады. Негізі ол, пиктің және фонның қарқындылығын өлшеуге арналған спектрометрдің әртүрлі каналдарын пайдаланатын, көп каналды спектрометрлер үшін қажет.

ЕСКЕРТУ F' коэффициенті, тіпті ол (8) формулада қолданылмаған болса да, онымен диаграмма құру, пайдаланушының назарын, кристалдар, коллиматорлар және бекітілген терезелер сияқты, жүйе элементтерінің ластануынан болатын аспап жұмысындағы өзгерістерге, міндетті түрде аударады.

11.3 Үлгідегі күкірт құрамын, (8) формуладан алынған импульстер есебінің түзетілген жиынтықты жылдамдығын, 9 тараудағы таңдалып алынған калибрлеуші үлгіге қойып есептейді. Көп жағдайларда жабдықты жеткізуші (сатушы) бағдарламалық қамсыздандыруды немесе қажетті есептеулерді ұсынады.

11.4 Сұйылтылған үлгілердегі күкірт концентрациясын келесі формула бойынша есептейді:

$$S = S_b \times [(W_s + W_o) / W_s] , \qquad (9)$$

мұнда S_b - сұйылтылған қоспадағы күкірт құрамы, % масс.;

W_s – бастапқы үлгінің массасы, г;

W_o – сұйылтқыш массасы, г.

Жабдықты жеткізуші талап етілетін массаларды енгізу кезінде осы есептеуді орындау үшін бағдарламалық қамсыздандыруды ұсынуы қажет.

11.5 Калибрлегішті майлы қышқылдардың, этанолдың немесе метанолдың (1 кестені қараңыз) метил эфирлерінің құрамы жоғары болатын отынды талдау кезінде, стандарттардың ақ май негізінде анықталады, 11.3 бөліміндегі алынған нәтижені төмендегідей бөліңіз:

$$S=M/F, \qquad (10)$$

мұнда S = % отын үлгісінде болатын күкірт массасы, масс. %,

M = пайыздардың өлшенген массасы, масс. %,

F = түзету коэффициенті, мысалы, М-85 үшін 0,59 тең және М-100 үшін 0,55 тең

11.5.1 Егер стандарттар, 5.2 тарауында көрсетілген үлгілердей, матрицаларды алатын болса, бұл түзету қажет болмайды.

11.6 Есептеулер регрессиясы туралы қосымша ақпаратты D7343 практикасынан табуға болады.

11.7 Сәулелену қарқындылығы I_1 келесі формула бойынша есептелінеді:

$$I_1 = I_2 \times I_3 / I_4, \qquad (11)$$

мұнда I_2 – толқын ұзындығы λ = 0,5190 нм болған кездегі үлгінің сәулелену қарқындылығын анықтау

I_3 - толқын ұзындығы λ = 0,5373 нм болған кездегі өңделмеген мұнайдың сәулелену қарқындылығын анықтау

I_4 - толқын ұзындығы λ = 0,5190 нм болған кездегі өңделмеген мұнайдың сәулелену қарқындылығын анықтау

11.8 Қарқынды сәулелену жиілігі келесі формула бойынша анықталады:

$$R = I_5 - I_1, \qquad (12)$$

мұнда I_5 – толқын ұзындығы λ = 0,5373 нм болған кездегі үлгінің сәулелену қарқындылығын анықтау

ЕСКЕРТУ [2] талаптарына сәйкес, сәулелену қарқындылығын I_1 және қарқынды сәулелену жиілігін есептеу кезінде (7), (8) формулаларды пайдаланған жөн.

12 Нәтижелерді өңдеу

12.1 Сұйылтылмай талдау жүргізілген үлгілер үшін, 11.3 есептелген нәтижелерді жазады. Сұйылтылған үлгілер жағдайында, 11.4 есептелген нәтижені жазады. Нәтижені күкірттің жалпы құрамы ретінде жазады (% масс.): үш маңызды санға дейін - 0,0100 % астам концентрация үшін; екі маңызды санға дейін - 0,0010 % бастап 0,0099 % дейінгі шектегі концентрация үшін және бір маңызды санға дейін - 0,0010 % төмен болатын

концентрация үшін. Маңызды сандарды дұрыс дөңгелектеудің нұсқауы ретінде, АСТМ Е 29 нұсқауында мазмұндалған дөңгелектеу әдісін пайдаланады. Нәтижелердің сынаудың осы әдісі бойынша алынғандығын көрсетеді.

12.1.1 Құрамындағы жалпы күкірт мөлшері 100 мг/кг немесе одан төмен болатын үлгілер үшін, екі анықтаманың нәтижесін орташалайды және мәнді 12.1 көрсетілгендей етіп жазады.

12.2 Калибрлеу үшін бастапқы материал ретінде, ақ май болған жағдайда, 1 суретте көрсетілген графиктен алынған көмірсутегінің сутегіне қатынасын түзету үшін, келесі формула пайдаланылады:

$$S_{C/H} = \frac{1{,}195 - 0{,}0164 \cdot (C/H)_{бел}}{1{,}195 - 0{,}0164 \cdot (C/H)} \times S_{бел}, \qquad (13)$$

мұнда $S_{C/H}$= Күкірттің C / H түзетілген концентрациясы;

$(C/H)_{бел}$ = 1 суреттегі ақ майды пайдаланған кезде көміртегінің сутегіне массалық қатынасы;

(C/H)= Үлгідегі көміртегінің сутегіне массалық қатынасы;;

$S_{бел}$= Калибрлеу графигінен туынды ретіндегі күкірт концентрациясы.

4 кесте – Дәлдік мәндері, үлгілердің барлық типтері

S, мг/кг	Қайталаушылық r, мг / кг 12 теңдеу	Қайталанғыштық R, мг / кг 13 теңдеу
1,0	0,8	2,5
5,0	0,9	2,9
10,0	1,1	3,5
25,0	1,6	5,0
50,0	2,3	7,6
100,0	3,9	12,5
500	15	49
1000	28	91
0,500 %	123	402
1,00 %	235	764
4,60 %	968	3148

13 Сапаны бақылау

13.1 Әр зертханаға осы әдіс бойынша өлшеу жүйесінің статистикалық бақылауының бағдарламасын орнату ұсынылады. Осындай бағдарламаның бөлігінің бірі ретінде, сапаны бақылаудың үлгілері үшін қисықтарды графиктік құру және жиі пайдалану болуы қажет (7.11). Типтік зертханалық үлгілер үшін көрнекі болып табылатын, сапаны бақылау үлгісінің кем дегенде бір типін талдау ұсынылады.

5 кесте - NIST SRM мәліметтерін және ASTM зертханааралық зерттеулерін салыстыру (RR). Өлшеу нәтижелері

NIST SRM сан	Күкірт. мг / кг NIST	RR Үлгі сан	Ерітінді	Күкірттің орташа өлшенген мг / кг ASTMRR	Күкірттің қайталанғыштығын өлшеу мг / кг ASTMRR	Күкірттің өлшенген ауытқулары мг / кг	Салыстырмалы өлшенген ауытқулар, %
2298	4,7	1	Бензин	6,0	2,9	1,3	27,7
2723a	11,0	5	Дизель	10,1	3,6	-0,9	-8,18
2299	13,6	3	Бензин	14,2	3,8	0,6	4,41
2296	40,0	2	Бензин	40,2	6,6	0,2	0,5
2770	41,6	7	Дизель	42,1	6,8	0,5	1,20
2724b	426,5	8	Дизель	420,9	42,5	-5,6	-1,31
2722	2103	10	Өңделмеген мұнай	2054	181	-49	-2,33
1619b	6960	12	Жағатын мазут	6448	546	-512	-7,36
2721	15830	9	Өңделмеген мұнай	15884	1170	54	0,34
1620c	45610	13	Жағатын мазут	44424	3123	-1186	-2,60

6 кесте - NIST SRM мәліметтерін және ASTM зертханааралық зерттеулерін салыстыру (RR). Бей органикалық майлардың стандарттары пайдаланылған, С/Н арналған түзету нәтижелері

NIST SRM сан	Күкірт. мг / кг NIST	С/Н қатынас массасы	Ерітінді	Күкірттің орташа өлшенген мг / кг ASTMRR	Күкірттің орташа С/Н түзетілген мг / кг ASTMRR	Күкірттің түзетілген ауытқуы мг / кг	Салыстырмалы түзетілген ауытқу, %
2298	4,7	5,47	Бензин	6,0	6,0	1,3	27,66
2723a	11,0	5,99	Дизель	10,1	10,2	-0,8	-7,27
2299	13,6	6,17	Бензин	14,2	14,3	0,7	5,15
2296	40,0	6,42	Бензин	40,2	40,6	0,6	1,50
2770	41,6	5,75	Дизель	42,1	42,4	0,8	1,92
2724b	426,5	7,18	Дизель	420,9	426,4	-0,1	-0,02
2722	2103	7,22	Өңделмеген мұнай	2054	2105	2	0,10
1619b	6960	8,80	Жағатын мазут	6448	6804	-156	-2.24
2721	15830	7,17	Өңделмеген мұнай	15884	16217	387	2.44
1620c	45610	7,93	Жағатын мазут	44424	46535	935	2.05

14 Дәлдік және дәлсіздік

Осы әдістің дәлдігі, құрамына бензин, дистилляттар, биодизель, қалдық май және өңделмеген мұнайды қоса алғанда, 27 сынама кіретін, зертханааралық зерттеулердің статистикалық талдауымен анықталады. Сынамалардың барлық типтері үшін 3 мг/кг шамасында болатын сандық шек анықталады. Бензин мен дизельдің сынамаларына арналған дәлдік, А қосымшасында көрсетілген, рентген флуоресценциясына арналған жоғары қуатты және төмен қуатты құралдар дәлдігіне тең болады. Күкірт концентрациясының диапазондары, 14.1.1 және 14.1.2 көрсетілген дәлдікпен бірге, сынамалар жиынтығымен ұсынылған. Бұл статистикалық мәліметтер, 1

кестеде ұсынылған материалдармен өзара қатынасы төмен болатын сынамалар үшін ғана қолданылады (1.4 қараңыз).

14.1.1 Тұрақтылық - Бір оператордың бір аппаратурада бірдей талданатын материалда тұрақты жұмыс жағдайларында, жәнеде сынау әдісін қалыпты және дұрыс орындау кезінде алған реттік нәтижелерінің арасындағы айырмашылық. Тұрақтылық 12 формула бойынша есептелінеді (4 кестені қараңыз)

$$\text{Тұрақтылық (r)} = 0{,}04519 \cdot (X+20)^{0{,}9283} \text{ мг/кг} \qquad (12)$$

мұнда X – күкірттің жалпы құрамы, мг/кг

14.1.2 Қайталанғыштық

Әртүрлі операторлардың әртүрлі зертханаларда бірдей талданатын материалмен жұмыс істеу кезінде, жәнеде сынау әдісін қалыпты және дұрыс орындау кезінде алған, екі жеке және тәуелсіз нәтижелер арасындағы айырмашылық. Қайталанғыштық 14 формула бойынша есептелінеді (4 кестені қараңыз)

$$\text{Қайталанғыштық (R)} = 0{,}1469\ (X+20)^{0{,}9283} \qquad (13)$$

мұнда X – күкірттің жалпы құрамы, мг/кг

14.1.3 Жоғарыда аталған зертханааралық зерттеудің тұрақтылығы мен қайталанғыштығының мәндерін А1 қосымшасынан табуға болады. Сондай-ақ дәлдік мәндері қосылған.

14.2 Дәлсіздік – Зертхана аралық зерттеуге NIST-ң 10 стандарттық жұмыс материалдары кіреді. 6 кесте NIST стандарттық жұмыс материалдарын С/Н үшін түзетілген күкірт концентрациясымен салыстыру. Ашық түсті мұнай өнімдерінің коэффициенті С/Н 5,698 ($C_{22}H_{46}$) болуы қажет.

14.2.1 Күкірттің салыстырмалы сезімталдығының С/Н коэффициентімен салыстырғандағы өзгеруі 1 графикте көрсетілген.

14.2.2 Қайталанғыштықтың өлшенбеген мәнінде, әсіресе С/Н коэффициентінің түзетуін енгізгеннен кейін, кез-келген стандарттық жұмыс материалы немесе типі үшін зертханааралық зерттеулерді сынау және паспорттық мәндер нәтижелерінің арасындағы айтарлықтай дәлсіздіктер болмаған, NIST-ң 10 стандарттық жұмыс материалын талдау негізінде (5 және 6 кесетін қараңыз).

А қосымшасы
(ақпараттық)

Дәлдікті анықтау

А.1 Бензиннің дәлдігі

Зертханада зерттеу кезінде бензин үлгісінің 5 түрі қолданылды, ондағы күкірттің жалпы құрамы 5 мг/кг - 70 мг/кг, дәлдік мынаны құрады:

1 үлгі	NIST SRM 2298, жоғары октанды бензин
2 үлгі	NIST SRM 2296, құрамында бензиннің этил-трет-бутилді эфирінің 13 % бар
3 үлгі	NIST SRM 2299, қайта өңделген бензин
4 үлгі	Бензин, құрамында 5% этанол бар
11 үлгі	Әдеттегі этилденбеген бензин

А.1.Тұрақтылық (r)

Бір оператордың бір аппаратурада бірдей талданатын материалда тұрақты жұмыс жағдайларында, жәнеде сынау әдісін қалыпты және дұрыс орындау кезінде алған реттік нәтижелерінің арасындағы айырмашылық. Тұрақтылық келесі А.1 формуласы бойынша есептелінеді (А.1 кесте, А1 сурет)

$$r = 0{,}5006X^{0{,}4377} \qquad (A.1)$$

мұнда X – күкірттің жалпы құрамы, мг/кг

А.1.2 Қайталанғыштық

Әртүрлі операторлардың әртүрлі зертханаларда бірдей талданатын материалмен жұмыс істеу кезінде, жәнеде сынау әдісін қалыпты және дұрыс орындау кезінде алған, екі жеке және тәуелсіз нәтижелер арасындағы айырмашылық. Қайталанғыштық келесі А.2 формуласы бойынша есептелінеді (А.1 кесте, А1 сурет)

$$R = 1{,}4533X^{0{,}4377} \qquad (A.2)$$

мұнда X - күкірттің жалпы құрамы, мг/кг

А.1 кесте – Бензиннің дәлдігі

S (мг/кг)	Тұрақтылық А.1 r (мг/кг)	Қайталанғыштық А.2 R (мг/кг)
5,0	1,01	2,94
10,0	1,37	3,98
25,0	2,05	5,95
70,0	3,21	9,33

А.2 Дизельді отынның дәлдігі

Зертханада зерттеу кезінде дизельді отын үлгісінің 5 түрі қолданылды, ондағы күкірттің жалпы құрамы 11 мг/кг - 5500 мг/кг, дәлдік мынаны құрады:

5 үлгі	NIST SRM 2723a
7 үлгі	NIST SRM 2770
8 үлгі	NIST SRM 2724b
15 үлгі	Дизельді отын
22 үлгі	Құрамында биодизельдің 5 % бар

А.2.1 Тұрақтылық (r)

Бір оператордың бір аппаратурада бірдей талданатын материалда тұрақты жұмыс жағдайларында, жәнеде сынау әдісін қалыпты және дұрыс орындау кезінде алған реттік нәтижелерінің арасындағы айырмашылық. Тұрақтылық келесі А.3 формуласы бойынша есептелінеді (А.2 кесте, А2 сурет).

$$r = 0{,}1037X^{0{,}8000} \qquad (А.3)$$

мұнда X - күкірттің жалпы құрамы, мг/кг

А.2.2 Қайталанғыштық

Әртүрлі операторлардың, әртүрлі зертханаларда бірдей талданатын материалмен жұмыс істеу кезінде, жәнеде сынау әдісін қалыпты және дұрыс орындау кезінде алған, екі жеке және тәуелсіз нәтижелер арасындағы айырмашылық. Қайталанғыштық келесі А.4 формуласы бойынша есептелінеді (А.2 кесте, А2 сурет)

$$R = 0{,}3856X^{0{,}8000} \qquad (А.4)$$

мұнда X - күкірттің жалпы құрамы, мг/кг

А.2 кесте - Дизельді отынның дәлдігі

S (мг/кг)	Тұрақтылық А.3 r (мг/кг)	Қайталанғыштық А.4 R (мг/кг)
11	0,71	2,63
25	1,36	5,06
100	4,13	15,35
500	15,0	55,6
0,100 %	26,0	96,9
0,550 %	102	379

А.3 Аппаратураның жоғары дәлдігі

Флуоресценттік спектроскопияның рентген көзінің қуаты, өлшеулер нәтижесінің дәлдігіне, 1000 Вт жоғары қуатынан артық, 1000 Вт аз қуатынан төмен әсер етеді. Зертхана аралық зерттеулер кезінде, энергия тұтынуы төмен құралдары бар 5 қатысушы, энергия тұтынуы төмен құралдары бар 10 қатысушы пайдаланылды. Аспап қуатының жоғары дәлдігі бұдан әрі анықталады.

А.3. Тұрақтылық (r)

Бір оператордың бір аппаратурада бірдей талданатын материалда тұрақты жұмыс жағдайларында, жәнеде сынау әдісін қалыпты және дұрыс орындау кезінде алған реттік нәтижелерінің арасындағы айырмашылық. Тұрақтылық келесі А.3 формуласы бойынша есептелінеді (А.3 кестесі).

$$r = 0{,}08681X^{0{,}8383} \qquad (А.5)$$

мұнда X - күкірттің жалпы құрамы, мг/кг

А.2.2 Қайталанғыштық

Әртүрлі операторлардың, әртүрлі зертханаларда бірдей талданатын материалмен жұмыс істеу кезінде, жәнеде сынау әдісін қалыпты және дұрыс орындау кезінде алған, екі жеке және тәуелсіз нәтижелер арасындағы айырмашылық. Қайталанғыштық келесі А.4 формуласы бойынша есептелінеді (А.3 кестесі).

$$R = 0{,}3086X^{0{,}8383} \qquad (А.6)$$

мұнда X - күкірттің жалпы құрамы, мг/кг

3 кесте - Аспап қуатының жоғары мәндері кезіндегі барлық үлгілердің дәлдігі

S (мг/кг)	Тұрақтылық А.3 r (мг/кг)	Қайталанғыштық А.4 R (мг/кг)
1,0	0,09	0,31
5,0	0,33	1,19
10,0	0,60	2,13
25,0	1,28	4,58
50,0	2,31	8,20
100,0	4,12	14,66
500	15,9	56,5
1,00%	196	696
4,60%	704	2 501



А.1 сурет - Бензиннің, дизельді отынның және барлық үлгілердің тұрақтылығы



А.2 сурет - Бензиннің, дизельді отынның және барлық үлгілердің қайталанғыштығы

Библиография

[1] Analytical Chemistry, v.55, 1983, p.2210-2218

[2] GB 11140 Petroleum products – Determination of sulfur – X-ray spectrometry *(Мұнай және мұнай өнімдері. Күкіртті рентгендік спектрометрия әдісімен анықтау)*

[3] GB 4756 Practice for Manual Sampling of Petroleum and Petroleum Products *(Сынамаларды қолмен іріктеу әдістері)*

Е қосымшасы
(ақпараттық)

Е.1 кесте Түрлендірілген ұлттық стандарттың техникалық ауытқуларының тізбесі

Тарау, бөлім, тармақ, тармақша, кесте, қосымша	Түрленуі
2 тарау. Нормативтік сілтемелер	ASTM D 4057 Practice for Manual Sampling of Petroleumand Petroleum Products (Мұнай және мұнай өнімдерінің сынамаларын қолмен іріктеу бойынша нұсқау) стандартына сілтеме ҚР ИСО 3170-2006[1)] СТ «Мұнай және мұнай өнімдері. Сынамаларды қолмен іріктеу әдістері» стандартына ауыстырылды.
2 тарау. Нормативтік сілтемелер	ASTM D 4177 Practice for Automatic Sampling of Petroleum and Petroleum Products (Мұнай және мұнай өнімдерінің сынамаларын автоматты іріктеуге арналған нұсқау) стандартына сілтеме ҚР ИСО 3171-2007[1)] СТ «Мұнай өнімдері. Сұйық көмірсутектер. Құбыр жолдарынан сынамаларды автоматты іріктеу» стандартына ауыстырылды
2 тарау. Нормативтік сілтемелер	ASTM D4294-2011 Standard Test Method for Sulfur in Petroleum and Petroleum Products by Energy-Dispersive X-Ray Fluorescence Spectrometry (Мұнай және мұнай өнімдерінде күкірттің құрамын энергодисперсиялық рентгендік люминесценттік спектрометрия көмегімен анықтаудың стандарттық әдісі) стандартына сілтеме ҚР АСТМ Д 4294-2011[2)] СТ «Мұнай және мұнай өнімдерінде күкіртті, дисперсиялық өзара әрекет энергиясының негізінде, рентгендік флуоресценттік спектрометрия әдісімен анықтаудың стандарттық әдісі» стандартына ауыстырылды
Түсініктеме: [1)]сәйкестік дәрежесі – (NEQ) эквивалентті емес, енгізілген техникалық өзгерістер осы стандарт талаптарының орындалуын қамтамасыз етеді [2)]сәйкестік дәрежесі – IDT	
Түсініктеме - Нормативтік сілтемелерді ауыстыру, осы стандартты Қазақстан Республикасының нормативтік құжаттарының базасымен үйлестіру мақсатында жүргізілді.	

Е.1 кесте *(жалғасы)*

Тарау, бөлім, тармақ, тармақша, кесте, қосымша	Түрленуі
4 тарау. Маңызы және қолданылуы. Ескертпе	D4294 Test Method for Sulfur in Petroleum and Petroleum Products by Energy Dispersive X-ray Fluorescence Spectrometry (Мұнай және мұнай өнімдерінде күкіртті дисперсиялық өзара әрекет энергиясының негізінде рентгендік флуоресценттік спектрометрия әдісімен анықтаудың стандарттық әдісі) стандартына сілтеме ҚР АСТМ Д 4294-2011[2)] СТ «Мұнай және мұнай өнімдерінде күкіртті, дисперсиялық өзара әрекет энергиясының негізінде, рентгендік флуоресценттік спектрометрия әдісімен анықтаудың стандарттық әдісі» стандартына ауыстырылды
8 тарау. Сынамаларды іріктеу және үлгілерді дайындау. 8.1 тармағы	ASTM D 4057 Practice for Manual Sampling of Petroleum and Petroleum Products (Мұнай және мұнай өнімдерінің сынамаларын қолмен іріктеу бойынша нұсқау) стандартына сілтеме ҚР ИСО 3170[1]-2006 СТ «Мұнай және мұнай өнімдері. Сынамаларды қолмен іріктеу әдістері» стандартына ауыстырылды
8 тарау. Сынамаларды іріктеу және үлгілерді дайындау. 8.1 тармағы	ASTM D 4177 Practice for Automatic Sampling of Petroleum and Petroleum Products (Мұнай және мұнай өнімдерінің сынамаларын автоматты іріктеуге арналған нұсқау) стандартына сілтеме ҚР ИСО 3171[1]-2007 СТ «Мұнай өнімдері. Сұйық көмірсутектер. Құбыр жолдарынан сынамаларды автоматты іріктеу» стандартына ауыстырылды
Түсініктеме: [1)]сәйкестік дәрежесі – (NEQ) эквивалентті емес, енгізілген техникалық өзгерістер осы стандарт талаптарының орындалуын қамтамасыз етеді [2)] сәйкестік дәрежесі – IDT	
Түсініктеме - Нормативтік сілтемелерді ауыстыру, осы стандартты Қазақстан Республикасының нормативтік құжаттарының базасымен үйлестіру мақсатында жүргізілді	

Е.2 кесте Баламалы таңдауды қамтамасыз ететін түрлендірілген ұлттық стандарттың техникалық ауытқуларының тізбесі

Тарау, бөлім, тармақ, тармақша, кесте, қосымша	Түрленуі
11 тарау «Есептелуі», 11.5 тармақша	Сәулелену қарқындылығын есептеуге арналған формуламен толықтыру I_1
11 тарау «Есептелуі», 11.6 тармақша	Сәулелену қарқындылығының жиілігін есептеуге арналған формуламен толықтыру R
Түсініктеме: Формулаға қосымша талаптар, Қытай Халық Республикасының Ұлттық стандарты GB 11140 Petroleumproducts – Determinationofsulfur – X-rayspectrometry (Рентгендік спектрометрияның күкіртін анықтау) бойынша сынаудың баламалы әдісін қамтамасыз ету үшін және Қазақстан Республикасының осы ұлттық стандартын Қытай Халық Республикасының Ұлттық стандартымен GB 11140 Petroleumproducts – Determinationofsulfur – X-rayspectrometry (Рентгендік спектрометрияның күкіртін анықтау) үйлестіру мақсатында енгізіледі.	

ӘОЖ 662.75:549.863.006.354 **МСЖ 75.080**

Түйін сөздер: мұнай және мұнай өнімдері, спектрометрия, күкіт, рентгендік сәулелену, сынақ, дизельдік отын, бензин, реактивтік отын, керосин

НАЦИОНАЛЬНЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

